

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1372 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 592 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 5, 57-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасында (тізімінде):

"Екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар" деген бөлімде:

"Тізімде пайдаланылатын терминдердің анықтамалары" деген кіші бөлімде:

"Ұшу аппараты" (1, 7, 9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұшу аппараттары" (1, 7, 9) – жылжымайтын қанаты, бұрылмалы қанаты (тікұшақ), айналмалы қанаты, бұрылмалы тірек бұрандасы немесе қанатының оқтай қалпы өзгермелі ұшу аппараттары.";

"Композициялық материал" (1, 2, 6, 8, 9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Композициялық материал" (1, 2, 6, 8, 9) – бөлшектерден, жіптәріздес кристалдардан, талшықтардан немесе олардың кез келген комбинациясынан тұратын, белгілі бір мақсат немесе мақсаттар үшін әзірленген "матрица" және қосымша фаза немесе қосымша фазалар.";

"Оқшаулау" (9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Оқшаулау" (9) зымыран қозғалтқыштарының құрамдауыштары, яғни корпус, сопло, ауа сақтағыштары, корпусың бітеуіштері үшін қолданылады және құрамында оқшаулау және отқа төзімді материал бар вулканизацияланған немесе жартылай вулканизацияланған резеңке қоспаның пластинасын қамтиды.

Сондай-ақ қорғаныш оқшаулағышты немесе кернеуді төмендетуге арналған төсемді қамтуы мүмкін.";

"Ішкі қаптау" (9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі қаптау" (9) – қатты зымыран отыны мен корпус немесе оқшаулау төсемі арасындағы қабатша үшін қолданылады. Әдетте, бұл сұйық полимер негізіндегі оқшаулау немесе отқа төзімді материал, мысалы, түпкі гидроксилді топтармен көміртегі толтырылған полибутадиең (КТКП) немесе тозаңданатын немесе вулканизациялық қоспалармен корпусстың ішіне орналастырылған басқа полимер .";

"Лазер" (0, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Лазер" (0, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9) – құрауыштардың жиынтығы, олар кеңістікте де, сондай-ақ уақыт бойынша да сәулеленудің ынталандырылған эмиссиясы арқылы күшейтілетін когерентті жарықтық сәулеленуді жасайды.";

"Лазер" деген терминге айрықша ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Айрықша ескертпе: "Химиялық лазерді"; "Аса жоғары қуатты лазерді"; "Қайта құрылатын лазерді" де қараңыз.";

"Зымыран" (1, 3, 6, 7, 9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Реактивті снарядтар" (1, 3, 6, 7, 9) – кемінде 300 км қашықтыққа салмағы кемінде 500 кг жүкті жеткізуге қабілетті толық зымыран жүйелері және пилотсыз ұшу аппараты.";

"Өндірістік жабдық" (9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндірістік жабдық" (1, 7, 9) – "әзірлеу" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған немесе "өндірістің" бір немесе одан көп кезеңдері үшін аспаптық құралдардың, үлгілердің, қысқыш бейімдемелердің, жақтаулардың, білікшелердің, жалаушалардың, арматураның, реттеуге арналған тетіктердің жиынтығы, сынақтан өткізуге арналған жабдық.";

"Өндірістік қондырғылар" деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндірістік қондырғылар" (7, 9) – "өндірістік жабдық" және "әзірлеу" үшін немесе "өндірістің" бір немесе одан көп кезеңдері үшін монтаждау процесінде ол үшін арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету.";

"Талап етілетін" деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Талап етілетін" (1 – 9) – "технологияға" қатысты бақыланатын деңгейлерге, сипаттамаларға немесе функцияларға қол жеткізуге немесе арттыруға мүмкіндік беретін технологиялардың бір бөлігін ғана білдіреді. Мұндай "талап етілетін" "технология" әртүрлі тауарларда болуы мүмкін.";

"Ғарыштық аппараттар" (7, 9) деген термин мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғарыш аппараттары" (7, 9) – активті және пассивті спутниктер және ғарыш зондтары.";

мынадай мазмұндағы терминдермен толықтырылсын:

"FADEC жүйелері" (7, 9) (қозғалтқышты басқарудың толығымен автономды электронды-сандық жүйелері) – газ-турбиналық қозғалтқыштарды басқарудың сандық электрондық жүйесі, ол ұшырудан бастап тоқтағанға дейін қалыпты және авариялық жағдайларда қозғалтқыштың барлық пайдалану диапазонында қозғалтқышты автономды түрде басқара алады.

"Пилотсыз ұшу аппараты" ("ҰҰА") (9) – бортта адамның қатысуынсыз бақыланатын ұшуды және аэронавигацияны қолдауға және ұшып көтерілуге қабілетті кез келген ұшу аппараты.";

"1-санат Материалдар, химикаттар, "микроорганизмдер" және "токсиндер" деген кіші бөлімде:

"Әскери стандарттар немесе ерекшеліктер бойынша әзірленбеген және орындалуында оларға тең емес бронды кеудешелермен арнайы арналған компоненттер." деген 1A005-бөлік мынадай мазмұндағы 3-ескертпемен толықтырылсын:

"3-ескертпе: 1A005-тармақ пышақтың, ұшталған кертіктің, иненің немесе доғал заттың жарақаттайтын соққысынан қорғануға арналған бронды кеудешелерге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 1A006, 1A007 және 1A008-бөліктермен толықтырылсын:

"1A006 Төменде көрсетілген қолдан жасалған жарылғыш құрылғыларды залалсыздандыру үшін арнайы әзірленген және модификацияланған жабдық және оған арналған құрамдауыштар мен құралдар:

а. Қашықтықтан басқарылатын көлік құралдары;

б. "Ажыратқыштар".

Техникалық ескертпе:

"Ажыратқыштар" – сұйықтықпен, қатты немесе осал снарядтың әсер етуі арқылы жарылғыш құрылғының жұмыс істеуін тоқтату үшін арнайы әзірленген құрылғылар.

N.B. Әскери мақсатта қолдану үшін арнайы жасалған, атап айтқанда, қолдан жасалған жарылғыш құрылғыларды залалсыздандыруға арналған жабдықтың сипаттамасы, сондай-ақ ML4-тармақта келтірілген.

Ескертпе: 1A006-тармақ егер оны оператор басқаратын болса, жабдыққа қолданылмайды.

1A007 Электр құралдарының әсерімен құрамында энергетикалық материалдар бар зарядтар мен қондырғыларды бастамалау үшін арнайы әзірленген жабдық және құрылғылар, мысалы:

а. 1A007 б тармағында көрсетілген жарылғыш қондырғылардың детонаторларын іске қосу үшін әзірленген жарылғыш қондырғыларының детонаторларын іске қосуды басқару пульті.

в. Жарылғыш құрылғылардың электродетонаторлары:

1. Жарылғыш көпірі бар детонаторлар (ЕВ);
2. Сымнан жасалған жарылғыш маңдайшасы бар детонаторлар (ЕВW);
3. Соққышы бар детонаторлар;
4. Жарылғыш фольгасы бар бастамашылар (ЕFІ).

Техникалық ескертпе:

1. "Детонатор" деген терминнің орнына кейде "бастамашыл" немесе "тұтандырғыш" деген терминдер пайдаланылады.

2. 1А007b тармағына қатысты, онда сипатталған барлық детонаторларда шағын электр өткізгіш пайдаланылады (көпір, жарылатын тізгін немесе фольга), ол жарылыс кезінде буға айналады, ол арқылы қысқа күшті ағымды электр импульсі өтеді. Соқпалы әрекет етпейтін детонаторларда РЕТМ (пентаэритритолтетранитрат) сияқты онымен түйісетін сезімтал жарылғыш затта жарылғыш өткізгіш химиялық детонациялауды тудырады. Электр өткізгішінің булануы тудырған жарылыс соқпалы әрекет ететін детонаторларда ұрғышты немесе тескішті қолданысқа келтіреді, ол жарылғыш затқа әсер етеді және химиялық детонацияны тудырады. Кейбір конструкцияларда соққышты магниттік өріс қолданысқа келтіреді. "Жарылғыш фольгасы бар детонатор" деген термин жарылғыш көпірі бар детонаторларға да, соғу әрекетінен болған детонаторларға да жатады.

Н.В. Әскери пайдалану үшін арнайы жасалған жабдық және құрылғылар әскери тізімде сипатталған (СВ).

1А008 Зарядтар, құрылғылары мен құрамдауыштары:

а. Төменде аталған барлық сипаттамалары бар "кумулятивтік зарядтар":

1. Жарылғыш заттың нетто мөлшері (ЗНМ) 90 г астам; және
2. Қабығының сыртқы диаметрі 75 мм және одан астам;

б. Төменде келтірілген барлық сипаттамалары, сондай-ақ оларға арнайы әзірленген құрамдауыштары бар, конструкция бөлшектерін іркілтуге арналған желілік кумулятивтік зарядтар.

1. Жарылғыш заттың заряды 40 г/м астам; және
2. Ені 10 мм тең немесе одан көп;
- с. Өзегінде жарылғыш заттар бар детонациялайтын баулар 64 г/м астам;

d. 1А008 b тармағында көзделгендерді қоспағанда, пиропангоуттар, және ЗНМ 3,5 кг астам ажыратқыш зарядтар.

Ескертпе: 1А008-тармақта айқындалған зарядтарға және құрылғыларға 1-санатқа қосымшада тізбеленген "жарылғыш заттарды" қамтитындар және олардың қоспалары ғана жатады.

Техникалық ескертпе:

"Кумулятивтік зарядтар" – жарылыс толқынының әрекетін бағыттауға мүмкіндік беретін арнайы нысаны бар жарылғыш заттар.";

1D101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1D101 "Бағдарламалық қамтамасыз ету", 1B101, 1B102, 1B115, 1B117, 1B118 немесе 1B119-тармақтарға сәйкес бақылауға жататын өнімді "пайдалану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған.";

1D103-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1D103 Объектінің көрінуін, мысалы, радиолокациялық бейнелеу қабілетін, ультра күлгін/инфрақызыл толқындар және акустикалық көрініс диапазонында көрінуін азайту үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған " бағдарламалық қамтамасыз ету.";

1E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1E101 "Технологиялар" 1A102, 1B001, 1B101, 1B102, 1B115 – 1B119, 1C001, 1C101, 1C107, 1C111 – 1C118, 1D101 немесе 1D103-тармақтарға сәйкес бақылауға жататын тауарларды "пайдалану" үшін жалпы технологиялық ескертуге сәйкес.";

1E102-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1E102 "Технологиялар" 1D001, 1D101 немесе 1D103-тармақтарға сәйкес бақылауға жататын "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеу" үшін жалпы технологиялық ескертуге сәйкес.";

1E103-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1E103 "композициялық материалдарды" немесе ішінара өңделген " композициялық материалдарды" "өндіру" кезінде автоклавтардағы немесе гидроклавтардағы температураны, қысымды немесе атмосфераны реттеуге арналған "Технологиялар".;

1E104-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1E104 "Технологиялар" құрамында 1,573 К (1,300 С)-ден 3,173 К (2,900 С)-ге дейін температура диапазонында және 130 Ра-дан 20 кРа-ға дейін қысым кезінде ыдырайтын заттары бар қалыпқа, ілдірікке немесе газ ағынының өзге төсеміне беру арқылы пиролит тәсілімен материалдарды "өндіруге" байланысты.

Ескертпе. 1E104-тармағы белгілі бір ағын жылдамдығы бар қажетті құрамдағы газ ортасын алу "технологиясын", технологиялық дәйектілікті және процесті реттеу өлшемдерін қамтиды.";

"2-Санат Материалдарды өңдеу" деген кіші бөлімде:

2A001-бөліктен кейін мынадай мазмұндағы 2A101-бөлікпен толықтырылсын:

"2A101 ISO 492 сәйкес 2-рұқсат сыныбы белгіленетін, барлық рұқсаттары бар , 2A001 көрсетілгендерден ерекшеленетін шарикті подшипниктер (немесе АВЕС-9 рұқсат сыныбының ANSI/ABMA Std 20 немесе өзге де ұлттық баламалар) немесе жақсысы және барлық мынадай сипаттамалары бар:

- a. Саңылау диаметрі 12 және 50 мм ішкі сақина;
- b. Саңылау диаметрі 25 және 100 мм сыртқы сақина; және
- c. Ені 10 және 20 мм арасында.";

2В104-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2В104 "2В004-тармаққа сәйкес бақылауға жататындардан басқа, мынадай барлық сипаттамалары бар "изостатикалық престер":

Ерекше ескертпе: сондай-ақ 2В204 қараңыз.

- a. Ең жоғары жұмыс қысымы 69 МПа және одан көп;
- b. Камерада 873 К (600 С) немесе одан жоғары бақыланатын температураға жеткізуге және оны ұстап тұру үшін әзірленген; және
- c. Ішкі диаметрі 254 мм немесе одан астам жұмыс камерасы бар.

2В104 8462 99 200 9

8462 99 800";

2В105-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2В105 2В005.а тармағында көрсетілгендерден (CVD) басқа, бу фазасынан химиялық элементтерді тұндыруға арналған, көміртек-көміртектік композициялық материалдарды нығыздау үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған пештер.

2В105 8462 99 200 9

8462 99 800";

2В109-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2В109 2В009-тармақтарында көрсетілгендерден басқа жаныштап үгітетін аунатпалы станоктар және мыналар сияқты арнайы құрастырылған компоненттер :

Ерекше ескертпе: сондай-ақ 2В209 қараңыз.

a. Мынадай барлық сипаттамалары бар станоктар:

1. Өндірушінің техникалық ерекшелігіне сәйкес "сандық бағдарламалық басқару" блоктарымен немесе егер тиісті электр жабдығы станоктармен немесе оларға арналған құрамдауыштармен бірге жеткізілмесе де компьютерлік басқарумен жарақтандырылуы мүмкін; және

2. Екі немесе одан көп осі, олар бірлесіп мезгілдік "контурлық басқаруға" үйлестірілуі мүмкін;

b. 2В009 немесе 2В109-тармақтарға сәйкес бақылануға тиіс ию станоктарына арналған арнайы құрастырылған құрамдауыштар.

Ескертпе: 2В109-тармақ бойынша 9А005, 9А007.а немесе 9А105.а тармақтарында көрсетілген жүйелер үшін қозғалтқыш құрылғылары мен жабдықтары (мысалы, қозғалтқыш корпусын) өндірісінде қолданыла алмайтын станоктар бақылауға алынбайды.

Техникалық ескертпе: 2В109-тармақтың мақсаты үшін жаныштап үгіту және ию функцияларын біріктіретін станоктар жаныштап үгіту станоктары ретінде қаралады.

2В109 8462 29 100 0

8463 90 000 0

8462 21

8462 29

8462 99 800

8462 99 800 9";

2В116-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2В116 Вибрациялық сынақтарға арналған жүйелер, оларға арналған жабдықтар және құрамдауыштар:

а. Кері байланысты немесе тұйық контурмен басқару әдістерін пайдаланатын және "таза үстел" режимінде өлшенген, 50 кН немесе одан артық күшпен итеретін 20 Гц-ден 2 Гц-ге дейінгі жиіліктер диапазонында 10 Д (орташа квадраттық мән) немесе одан артық вибрациялық қайта жүктеу құруға қабілетті вибрациялық сынақтарға арналған жүйелер;

б. Уақыттың нақты ауқымында арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз етумен үйлесімді 5 кГц астам өткізу белдеуінің еніне, 2В116.а тармағында көрсетілген жүйелерде вибрациялық сынақтар үшін пайдалануға арнайы құрастырылған бағдарламалық қамтамасыз етумен үйлестіріп пайдалану үшін құрастырылады;

Техникалық ескертпе: 2В116.б тармағында "уақыттың нақты масштабында өткізу жолақтарының ені" деп ең жоғарғы жылдамдық түсіндіріледі, онда бақылаушы үлгілерді жинау, деректерді өңдеу және басқару сигналдарын берудің толық циклін орындай алады.

с. Тиісті күшейткіштері бар немесе олар жоқ "таза үстел" режимінде өлшенген 50 кН немесе одан артық күшті беруге қабілетті және 2В116.а-тармағында сипатталған вибрациялық сынақтар үшін жүйелерде қолдануға жарамды вибрациялық итергіштер (вибраторлар);

д. Вибраторлардың көпшілігін жүйеге біріктіру үшін әзірленген, "таза үстел" режимінде өлшенген 50 кН жалпы күш беруге қабілетті және 2В116.а-тармағында сипатталған сынақ жүйелерінде қолдануға жарамды механикалық және электронды құрамдауыштар.

Техникалық ескертпе: 2В116-тармаққа қатысты "таза үстел" тегіс үстелді немесе бекіту немесе монтаждау бөлшектері жоқ үстіңгі бетті білдіреді."

2В116 а. 9031 20 000 0

2В116 б. 8537 10 100 0

8537 10 910

8537 10 990 0

8537 20

2B116 c. 9031 90 850 0

2B116 d. 9031 20 000 0

9031 90 850 0";

2B117-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2B117 2B004, 2B005.а., 2B104 немесе 2B105-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, зымыран қозғалтқыштары шүмектерінің композиттік материалдарын және қайтарылатын аппараттардың ұштықтарын нығыздау және күйдіру үшін әзірленген немесе модификацияланған жабдық және бақылау жабдығы."

2B117 8803 90 200 0

8803 90 300 0";

2B120-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2B120 Мынадай сипаттамалардың барлығына ие қозғалыс имитаторлары немесе айналу үстелдері:

а. Осі екі немесе одан да көп;

б. Электр энергиясын және/немесе сигналдың ақпаратын беруге қабілетті сырғымалы сақиналармен немесе байланыссыз құрылғыларымен жабдықтау үшін әзірленген немесе модификацияланған; және

с. Мынадай сипаттамалардың біріне ие:

1. Осьтердің кез келгені төменде көрсетілгендердің барлығына ие:

а. Жылдамдықты 400 град/с және одан да көпке не 30 град/с және одан төменге арттыратын; және

б. Жылдамдығы бойынша, 0,6 град/с және одан кем дәлдігі 6 град/с және одан кем рұқсаты бар;

2. Жылдамдығы бойынша тұрақтылықтың төменгі шегіне ие, орталықтанған учаскеге қосу-алуымен 0,05 % және жақсы 10 градус және одан да көп; немесе

3. "Дәлдік" 5 бұрыштық секундқа тең немесе кем (жақсырақ) позициялау.

1-ескертпе: 2B120-тармақ станоктар немесе медициналық жабдықтар үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған, айналу үстелдерін бақыламайды. Станоктарға арналған айналу үстелдерін басқару құрылғылары туралы 2B008-тармақты қараңыз.

2-ескертпе: Экспорттау кезінде ток түсіретін сақиналар немесе байланыссыз құрылғылар орнатылғанына қарамастан, 2B120-тармақта көрсетілген қозғалыс қайталаушылары немесе айналмалы үстелдер бақылауға жатады.

2B120 8805 21 000 0

9031 20 000 0";

2B121-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2B121 1B120-тармақта көрсетілгендерден басқа, мынадай сипаттамалардың бәріне ие позициялауға арналған үстелдер (кез келген ось бойынша дәл айналымды позициялау мүмкіндігін қамтамасыз ететін жабдықтар):

а. Осі екі немесе одан да көп; және

б. "Жайғастыру дәлдігі" 5 бұрыштық секундқа тең және одан кем (жақсы).

Ескертпе: 2B121-тармақ станоктар немесе медициналық жабдықтар үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған айналу үстелдерін бақыламайды. Станоктарға арналған айналу үстелдерін басқару құрылғылары туралы 2B008-тармақты қараңыз.

2B121 8805

9031 20 000 0";

2B122-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2B122 Электр энергиясын және/немесе сигнал ақпаратын беруге қабілетті ток түсіретін сақиналар немесе байланыссыз құрылғылармен жабдықтау үшін әзірленген немесе модификацияланған және 100 g жоғары жылдамдықты дамытуға қабілетті центрифугалар.

Ескертпе: Экспорттау кезінде оларда ток түсіретін сақиналар немесе байланыссыз құрылғылардың орнатылуына немесе жоқтығына қарамастан, 2B122-тармақта көрсетілген центрифугалар бақылауға жатады.

2B122 8421 19 700 9

8401

8421 19

9031 20 000 0";

2D101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2D101 2B104, 2B105, 2B109, 2B116, 2B117 немесе 2B119 – 2B122-тармақтарда көрсетілген жабдықты "қолдану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

Ерекше ескертпе: 9D004 – қараңыз

2D101 8523 80

8523 80 0";

2E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2E101 2B004, 2B009, 2B104, 2B109, 2B116, 2B119 – 2B122 немесе 2D101-тармақтарда көрсетілген жабдықты немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "қолдану" үшін жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес "технологиялар".";

3 – Санат "Электроника" деген кіші бөлімде:

3A001 "Мыналар сияқты электрондық компоненттер:" деген бөлім мынадай мазмұндағы g және h абзацтарымен толықтырылсын:

"g. Қатты денелі импульстік күш беретін коммутациялық тиристорлық құрылғылар және электрмен, оптикалық немесе электронды-эмиссиялық

ауыстырылып басқарылатын, "тиристорлық модульдер", мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие:

1. Сүйемелдеуіш токтың ең жоғарғы өсу жылдамдығы (di/dt) 30 000 А/мкс астам және тұйық күйдегі кернеуі 1100 В астам; және

2. Сүйемелдеуіш токтың ең жоғарғы өсу жылдамдығы (di/dt) 2000 А/мкс астам және төмендегі барлық сипаттамалар:

а. Тұйық күйдегі импульстік кернеуі 3000 В және одан көп; және

б. Импульстегі барынша ток (екпінді ток) 3000 А астам;

1-ескертпе: 3А001g-тармағы мынаны қамтиды:

кремниймен басқарылатын тиристорлар (SCR)

электрмен басқарылатын тиристорлар (ЕТТ)

жарықпен басқарылатын тиристорлар (LTT)

ысырма бойынша коммутаторлық жабылатын тиристорлар (IGCT)

жабылатын тиристорлар (GTO)

ӨМО-пен басқарылатын тиристорлар (ӨМО – жартылай өткізгіш металл – оксид құрылымы)

Solidtron маркалы жартылай өткізгіш коммутаторлар

2-ескертпе: 3А001g тармағы теміржол көлігінде немесе "азаматтық ұшу аппараттарында" қолдануға арналған, жабдыққа орнатылған "тиристорлық модульдерге" және "тиристорлық қондырғыларға" қолданылмайды.

Ерекше ескертпе:

3А001g-тармағының түпмәтінінде "тиристорлық модуль" бір немесе бірнеше тиристорлық қондырғыларды қамтиды.

h. Төмендегі барлық сипаттамалары бар қатты денелі, жартылай өткізгіш күш ауыстырып қосқыштары, диодтар немесе "модульдер":

1. 488 К (215°С) жоғары өтудің ең жоғарғы номиналды жұмыс температурасы

;

2. Тұйық күйдегі 300 В астам кезеңдік импульстік кернеу (блоктауыш кернеу) ; және

3. 1 А астам үздіксіз ток

1-ескертпе: 3А001h тармағы тұйық күйдегі кезеңдік импульстік кернеу қуат көзінің кернеуін, коллектор-эмиттер кернеуді, кезеңдік импульстік кері кернеуді және тұйық күйдегі кезеңдік импульстік блоктанатын кернеуді қамтиды.

2-ескертпе: 3А001h тармағы мынаны қамтиды:

басқарылатын ауыспалы р-п бар далалық транзисторлар (JFET)

сатылас ауыспалы р-п бар далалық транзисторлар (VJFET)

өткізуші металл-оксид құрылымы бар далалық транзисторлар (MOSFET)

ӨМО құрылымы бар екі диффузиялы далалық транзисторлар (DMOSFET)

оқшауланған ысырмасы бар биополярлы транзисторлар (IGBT)
электрондардың жоғары қозғалысы бар транзисторлар (HEMT)
биополярлық жазықтық транзисторлары (BJT)
тиристорлар және кремний басқарылатын тиристорлар (SCR)
жабылатын тиристорлар (GTO)
эмиттерлік жабылатын транзисторлар (ETO)
реттелетін резистивтік диодтар
Шоттки диодтары

3-ескертпе: 3A001h тармағы азаматтық автомобиль, теміржол көлігінде және "азаматтық ұшу аппараттарында" қолдануға арналған жабдыққа орналастырылған айырып-қосқыштарға, диодтарға немесе "модульдерге" қолданылмайды.

Арнайы ескертпе:

3A001h тармағына қатысты "модуль" бір немесе бірнеше қатты денелі жартылай өткізгіш күштік айырып-қосқыштарды немесе диодтарды қамтиды.";

"3A101 3A001-тармақта сипатталғандардан ерекшеленетін мыналар секілді электронды жабдық, құрылғылар мен компоненттер" деген бөліктегі а. абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"а. Жоғары қорғалымдағы жабдық үшін әскери ерекшеліктерге сәйкес әзірленген, "реактивті снарядтарда" пайдалану үшін жарамды үйлесімді-цифрлық түрлендіргіштер.";

мынадай мазмұндағы 3A102-бөлікпен толықтырылсын:

"3A102 "Реактивті снарядтар" үшін әзірленген немесе модификацияланған " жылу батареялары".

Техникалық ескертпелер.

1. 3A102-тармақта "жылу батареялары" құрамында электролит ретінде өткізбейтін қатты бейорганикалық тұз бар, бір реттік қолданылатын батареялар түрінде айқындалады. Бұл батареялар, жалындау барысында электролитті балқытатын және батареяны жандандыратын пиролизті материалдардан тұрады.

2. 3A102-тармақта "реактивті снаряд" ұзақтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз әуе ұшу аппараттарын білдіреді.";

3D101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3D101 3A101.b. тармағында көрсетілген жабдықты "қолдану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

3D 8523";

3E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3E101 3A001.a.1 немесе 2., 3A101, 3A102 немесе 3D101-тармақтарда көрсетілген жабдықты немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "қолдану" үшін жалпы технологиялық ескертулерге сәйкес "технологиялар".";

3E102-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3E102 3D001-тармаққа сәйкес бақылануға тиіс "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеу" үшін жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес "технологиялар".";

5-Санат "Телекоммуникациялар және "ақпаратты қорғау" деген кіші бөлімде:

5A101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5A101 "Реактивті снарядтар" үшін әзірленген немесе модификацияланған жерүсті жабдығын қоса алғанда, телеметриялық және телебақылау жабдығы".

Техникалық ескертпе:

5A101-тармақта "реактивтік снаряд" ұзақтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз әуе ұшу аппараттарын білдіреді.

Ескертпе: 5A101-тармақ бойынша мыналар бақылауға жатпайды:

a. басқарылатын ұшу аппараттары немесе спутниктерге арналған немесе модификацияланған жабдық;

b. жерде және теңізде қолдануға арналған немесе модификацияланған жерүсті жабдығы;

c. коммерциялық, азаматтық қолдану үшін әзірленген немесе ҒНЖЖ "қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған" жабдық (мысалы, деректердің толықтығы, ұшу қауіпсіздігі).

5A101 8525

8543 70 900 0

9030 40 000 0";

5D101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5D101 5A101-тармақта көрсетілген жабдықты "қолдану" үшін арнайы әзірленген модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету";

5E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5E101 5A101-тармақта көрсетілген жабдықты "әзірлеу", "өндіру" немесе "қолдану" үшін жалпы техникалық ескертпелерге сәйкес "технологиялар";

6-Санат "Бергіштер және лазерлер" деген кіші бөлімде:

6A102-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6A102 6A002-тармақ бойынша бақыланатындардан ерекшелігі бар, ядролық әсер етуден (яғни электромагниттік импульстерден (ЭМИ), рентгендік сәулелерден, жарылыс пен жылудың құрамалы әсерінен) қорғану үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған, 5 x 10⁵ рад (кремний) дейінгі және одан артық радиациялық жүктеме (доза) деңгейі кезіндегі жұмысқа арналып жасалған немесе соған қабілетті "реактивті снаряд" пайдалануға жарамды радиациялық-төзімді детекторлар (кремнийлі).

Техникалық ескертпе:

6A102-тармақта "детектор" қоршаған орта қысымының немесе температурасының өзгеруі, электрлік немесе электромагниттік сигналдар немесе

радиоактивті материал шығаратын сәулелер секілді ықпалдарды автоматты түрде сәйкестендіретін және жазатын немесе тіркейтін механикалық, электрлік, оптикалық немесе химиялық құрылғы ретінде белгіленеді. Мұнда әрекеті тек бір өлшеу өткізуге негізделген аспаптар кіреді.

6A102 9030 10 000 0 (азаматтық авиациядан басқа)";

6A108-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6A108 6A008-тармақ бойынша бақыланатыннан ерекшеленетін локациялық жүйелер және байқау жүйелері:

а. 9A004-тармақта сипатталған тасымалдағыш зымырандарда немесе 9A104-тармақта сипатталған зымыран-зондтарда қолдану үшін әзірленген немесе модификацияланған РЛС және лазерлік локациялық жүйелер;

Ескертпе: 6A108.a тармағы мынаны қамтиды:

а. Контурлық картаға түсіруге арналған жабдық;

б. Бейнелеу бергіштеріндегі жабдық;

с. Жерді картаға түсіру және параллельдеу үшін (сандық және баламалы) жабдық;

д. Доплерлік РЛС арналған жабдық.

б. "Реактивті снарядтарда" қолданылуы мүмкін мыналар сияқты жоғары дәлдікті локациялық жүйелер:

1. Нақты уақыт режимінде жағдайды және ұшу уақытында жылдамдықты анықтаудың мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жердегі немесе әуедегі деректерді навигациялық жүйелермен алынған деректерді бірлесіп пайдаланатын деректерді өңдейтін кіші жүйелері бар локациялық жүйелер;

2. Мынадай барлық сипаттамалары бар оптикалық/инфрақызыл диапазонда жұмыс істейтін жабдықты қамтитын алыстан өлшейтін радарлық аппаратура:

а. Бұрыштық шешімі 1,5 миллирадианнан (0,5 милс) жақсы;

б. Қашықтығы 30 км және одан астам кеңістікті шешімі 10 м ОКА – дан жақсы;

с. Жылдамдығы бойынша рұқсат 3 м/с-тен жақсы.

Техникалық ескертпе:

6A108.b тармағында "реактивті снаряд" қашықтығы 300 км асатын толық зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

6A108 a. 8526 10 000 9

6A108 b. 8526 10 000 9";

6B108-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6B108 "Реактивті снарядтарда" және олардың кіші жүйелерінде пайдалану үшін жарамды 6B008-тармақта сипатталғаннан ерекшелігі бар, көлденең қиылысуды өлшеуге арналған импульстік локациялық жүйелер.

Техникалық ескертпе:

6B108-тармақта "реактивті снаряд" қашықтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

6B108 8526 10 000 (азаматтық авиациядан басқа);

6D103-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6D103 Ұшу аппаратының ұшудың барлық бағыты бойынша орнын айқындауға мүмкіндік беретін ұшудан кейінгі мәліметтерді өңдеу үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "реактивті снарядтарға" арналған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

Техникалық ескертпе:

6D103-тармақта "реактивті снаряд" қашықтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

6D 8523";

6E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6E101 6A002, 6A007.b және c, 6A008, 6A102, 6A107, 6A108, 6B108, 6D102 немесе 6D103-тармақтарында көрсетілген жабдықты немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "қолдану" үшін жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес "технологиялар".

Ескертпе:

6E101-тармақ бойынша егер ол әуе қолданысы үшін әзірленген және "реактивті снарядтар" үшін қолданыла алатын болса, 6A008-тармағы бойынша бақыланатын жабдық үшін қажетті "технологиялар" ғана бақыланады.";

7-Санат "Навигациялық жабдық және авиациялық электроника" деген кіші бөлікте:

7A101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7A101 Барлық төменде келтірілген сипаттамалары бар және олардың құрамдауыштары үшін арнайы белгіленген "реактивті снарядтарда" пайдаланатын инерциялы навигациялық жүйелерде немесе барлық үлгілерді бағыттау жүйелерінде пайдалану үшін әзірленген 7A001-тармағында жазылғаннан басқа желілік жеделдету датчиктері:

а. "қайталанушылық" "ығысу" 1250 микро g аз (жақсы); және

б. "масштабты коэффициенттің" "қайталанушылығы" бір миллионға шаққанда 1250 үлестен аз (жақсы);

Ескертпе: 7A101-тармақ төменгі ұңғымаларды пайдалану уақытында қолдануға арналған бұрғылау уақытында өлшемдерді өткізетін датчиктер ретінде арнайы құрастырылған және құрылған акселерометрлерді бақыламайды.

Техникалық ескертпелер.

1. 7A101-тармақта "реактивті снаряд" 300 км қашықтықтағы зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

2. 7A101-тармақта "ығысу" шамалары және "масштабты коэффициент" тіркелген калибрленген шамаға қатысты бір жыл ішіндегі уақыт аралығында стандарттық ауытқушылыққа бір сигма сәйкес келеді".

7A101 а. 9014 80 000 0

7A101 б. 8803 90 900 0

9032 89 000

(азаматтық авиациядан басқа)

9306 90";

7A102-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7A102 Гироскоптардың барлық түрлері, 7A002-тармақта қаралғаннан басқа "реактивті снарядтарда" пайдалануы мүмкін және 1 g ықпалы жағдайында өлшенген сағатына 0,5 – тен аз (1 сигма немесе ОКА) "дрейф жылдамдығы" "тұрақтылығы" бар және олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар.

Техникалық ескертпелер.

1. 7A102-тармақта "реактивті снаряд" 300 км қашықтықтағы зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

2. 7A102-тармақта "тұрақтылық" белгілі бір механизмнің қабілеттілік шарасы немесе тұрақты жұмыс жағдайларының (IEEE STD 528-2001, п. 2.247) ұзақ уақыт әсер етуі кезінде өзгеріссіз қалатын өнімділік коэффициенті ретінде белгіленеді.

7A102 9032 89 000 (азаматтық авиациядан басқа)

8803 90 900 0

9306 90";

7A103-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7A103 7A003-тармақта қаралатыннан басқа аппаратура, навигациялық жабдық және жүйелер, төменде келтірілген және олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар.

а. Серпінді немесе мынадай жабдықтарды қамтитын акселерометрлерді немесе гироскоптарды және жүйелерді пайдаланатын басқа да жабдық:

1. 7A001.а.3., 7A001.б. немесе 7A101-тармақтарында сипатталған өлшегіштері немесе 7A002 немесе 7A102-тармақтарында сипатталған гироскоптар; немесе

2. 7A001.а.1 немесе 7A001.а.2 тармақтарында сипатталған және мынадай төмендегі сипаттамалары бар акселерометрлер:

а. "Инерциялылық навигациялық жүйелерде немесе барлық үлгілердің жүргізу жүйелерінде пайдалану үшін әзірленген және "реактивті снарядтарда" пайдаланылатын";

б. "ығысудың" "қайталанушылығы" 1250 микро g кем (жақсы); және

с. "масштабты коэффициенттің" "қайталанушылығы" миллионнан 1250 үлеске кем (жақсы);

Ескертпе:

7А103.а-тармағы бойынша осындай акселерометрлер ұңғымаларды пайдалану уақытында қолдану үшін тағайындалған бұрғылау уақытында өлшемдерді өткізу үшін датчик ретінде арнайы әзірленген және құрастырылған болып қаралғанда 7А001-тармақ бойынша бақыланатын акселерометрлерді қамтитын жабдық бақыланбайды.

б. "Реактивті снарядтарда" қолдану үшін әзірленген және модификацияланған гиротұрақтандыру қондырғысын немесе автопилот жүйесін қоса алғандағы пилотажды аспаптардың кешенді жүйесі;

с. "Реактивті снарядтарда" қолдану үшін әзірленген немесе модификацияланған және тең ықтималдық шеңбердің 200 м немесе одан кем навигациялық дәлдігін қамтамасыз етуге қабілетті "навигацияның кешенді жүйесі";

Техникалық ескертпе:

"Навигацияның кешенді жүйесі" әдетте мынадай құрамдауыштардан тұрады:

1. Инерциялық өлшеу қондырғысы (мысалы, бағдардың тірек немесе бас жүйесі, инерциялық модуль немесе инерциялық навигациялық жүйе);

2. Ұшу уақытында ереже және/немесе жылдамдық туралы деректерді, не кезең-кезеңімен, не ұшу уақытында үздіксіз (мысалы, спутниктік навигациялық қабылдағыш, радарлық биіктік өлшегіш және/немесе доплер радары) жаңарту үшін қолданылатын бірден бір сыртқы датчик; және

3. Ықпалдасқан аппараттық құралдар және бағдарламалық қамтамасыз ету.

д. Ұшуды басқару және навигация жүйелерімен біріктіру үшін әзірленген және модификацияланған, мынадай сипаттамалары бар үш осьті магнитті курстық датчиктер және олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар:

1. Тангаждың (± 90 градус) және креннің (± 180 градус) осьтеріндегі ішкі иілу компенсациясы;

2. Жергілікті магниттік өрісті ескере отырып ені ± 80 градус болғанда ОКА 0,5 градусынан жақсы (кем) азимут бойынша дәлдікті қамтамасыз ету қабілеті.

Ескертпе:

7А103.d тармағында көрсетілген ұшуды басқару жүйелері және навигациялық жүйелерге гиротұрақтандырғыштар, автоматтандырылған пилотаж жүйелері мен инерциялық навигациялық жүйелер кіреді.

Техникалық ескертпе:

7А103 тармағында "реактивті снаряд" зымыран жүйелерін және қашықтығы 300 шақырымнан асатын ұшқышсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

7А103 а. 9014 20 800 (азаматтық авиациядан басқа)

8803 90 900 0

9014 80 000 0

9032 89 000 (азаматтық авиациядан басқа)

9306 90

7A103 б. 9014 20 800 0 (азаматтық авиациядан басқа)

7A103 с. 8526 91 800 0 (азаматтық авиациядан басқа)

9014 20 800 (азаматтық авиациядан басқа)

9032 89 000 (азаматтық авиациядан басқа)

9306 90";

7A104-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7A104 Аспан денелерін немесе спутниктерді автоматты түрде бақылау арқылы орналасқан жерін немесе бағдарын айқындауды қамтамасыз ететін 7A004-тармақ бойынша бақыланатындардан басқа гироастрокомпастар мен басқа да қондырғылар және олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар.

7A104 9014 80 000 0";

7A105-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7A105 Мынадай сипаттамалардың біріне ие және ол үшін арнайы әзірленген мынадай құрамдауыштар сияқты ғаламдық навигациялық спутниктік жүйенің қабылдау аппаратурасы (ҒНЖЖ, мысалы GPS, ГЛОНАСС немесе Галилео):

а. 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыш аппараттарында, 9A012-тармақ бойынша бақыланатын пилотсыз ұшу аппараттарында немесе 9A104-тармақ бойынша бақыланатын зымыран-зондтарда қолдану үшін әзірленген және модификацияланған; немесе

б. Әуеде қолдану үшін әзірленген және модификацияланған мынадай сипаттамалардың кез келгені бар:

1. 600 м/с жоғары жылдамдық кезінде навигациялық ақпаратты қабылдауды қамтамасыз ететін;

2. ҒНЖЖ-мен қорғалған сигналдарға/деректерге рұқсат алу үшін, әскери және үкіметтік мақсат үшін әзірленген немесе модификацияланған шифрлауды қолданылатын; немесе

3. Қоршаған ортада активті немесе пассивті радиоөшіргіштің қызмет етуіне кедергіге қарсы (мысалы, реттелмейтін антенна немесе электроникамен реттелетін антенна) ерекшеліктерді қолдану үшін арнайы әзірленген.

Ескертпе:

7A105.b.2 және 7A105.b.3-тармақтары бойынша коммерциялық, азаматтық немесе "қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған" (мысалы, деректер тұтастығы, ұшу қауіпсіздігі) ҒНЖЖ үшін әзірленген жабдықтар бақыланбайды.

7A105 8526 91 800 0 (азаматтық авиациядан басқа)

9014 20 800 (азаматтық авиациядан басқа)";

"9A004 тармағы бойынша бақыланатын ғарыштық аппараттарда немесе 9A104-тармағы бойынша бақыланатын ракета-зондтарда пайдалану үшін

әзірленген немесе модификацияланған, белгілі бір электромагниттік көздерді (орналасқан жерін айқындайтын жабдық) немесе жердің сипаттамасын торуылға алуға арналған пассивтік бергіштер" деген 7A115-бөлік ескертпесінің а. абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"а. Контурлық картаға түсіру жабдығы";

7A116-бөліктің "9A004-тармағы бойынша бақыланатын ғарыштық аппараттарда немесе 9A104-тармағы бойынша бақыланатын ракета-зондтарда пайдалану үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған ұшуды басқару жүйелері және сервоклапандар": а, b, с абзацтары мынадай редакцияда жазылсын :

"а. Ұшуды басқарудың гидравликалық, механикалық, электрооптикалық немесе электрмеханикалық жүйелері (ұшуды басқарудың электрлі жүйесін қоса алғанда);

b. Кеңістіктегі жағдайды басқару жүйесі;

с. 7A116.a немесе 7A116.b көрсетілген жүйелер үшін әзірленген және модификацияланған және 20 Гц мен 2 кГц арасындағы диапазонда 10 g орта квадраттан артық діріл жағдайында жұмыс істеу үшін әзірленген және модификацияланған ұшуды басқару сервоқозғалтқыштың қақпақтары.";

7A117-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7A117 "Реактивті снарядтарда" қолданылатын және жүйелердің диапазонына қарағанда жүйенің 3,33 % немесе одан кем дәлдігіне қол жеткізуге қабілетті "жүргізу жүйелері" (мысалы, "СЕР" 10 шақырым немесе 300 шақырым диапазонда аз).

7A117 8586 92 000 9

9014 20 800

9306 90";

7B103-бөліктің "Мынадай "Өндірістік қуаттар" және "өндірістік жабдықтар": деген а, b абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"а. 7A117-тармақта сипатталған жабдықтар үшін арнайы әзірленген "Өндірістік қуаттар";

b. "Өндірістік жабдық" және басқа да сынау, калибрлеу жабдығы, сонымен қатар 7A. сипатталған жабдықпен бірге қолдану үшін жобаланған және модификацияланған 7B001-7B003-тармақтарда көрсетілгеннен ерекшеленетін ысылуын тексеруге арналған жабдық.";

7D102-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7D102 Мыналар сияқты интегралдық "бағдарламалық қамтамасыз ету":

a. 7A103.b тармағында сипатталған жабдықтар үшін интегралдық " бағдарламалық қамтамасыз ету";

b. 7A003 немесе 7A103.a тармақтарында сипатталған жабдықтар үшін әзірленген интегралдық "бағдарламалық қамтамасыз ету";

c. 7A103.c тармағында сипатталған жабдықтар үшін әзірленген және модификацияланған интегралдық "бағдарламалық қамтамасыз ету";

Ескертпе:

Әдетте интегралдық "бағдарламалық қамтамасыз етуде" Калман сүзгісінің негізіндегі алгоритмдер қолданылады.";

7D103-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7D103 7A117-тармақта сипатталған "командаларды пысықтау аспаптарын" модельдеу немесе имитациялау үшін 9A004-тармақ бойынша бақыланатын тасымалдағыш зымырандарға немесе 9A104-тармақ бойынша бақыланатын зымыран-зондтарға интеграциялау үшін арнайы әзірленген "бағдарламалық қамтамасыз ету".

Ескертпе:

7D103-тармақта сипатталған "бағдарламалық қамтамасыз ету" ол 4A102-тармақта сипатталған арнайы әзірленген жабдықпен біріккен жағдайда да бақыланады.

7D 8523";

7E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7E101 7A001-7A006, 7A101-7A106, 7A115-7A117, 7B001, 7B002, 7B003, 7B102, 7B103, 7D101-7D103-тармақтарға сәйкес бақыланатын жабдықтарды " қолдану" үшін жалпы технологиялық ескертпеге сәйкес "технологиялар";

7E104-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7E104 Зымырандық жүйенің траекториясын оңтайландыру үшін ұшуды, жүргізуді, бақылаудың деректерін және ұшуды басқару жүйесіндегі мәліметтер қозғалысы туралы мәліметтерді интеграциялау "технологиялары";

"9 – Санат Қозғалтқыш қондырғылары, ғарыштық аппараттар және ілестірілмеі жабдық" деген кіші бөлімде:

9A012-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A012 "Пилотсыз ұшу аппараттары" ("ПҰА"), пилотсыз "ауадан да жеңіл ұшу аппараттары", оларға байланысты жүйелер, жабдық және құрамдауыштар, атап айтқанда:

a. Барлық мынадай сипаттамалары бар "ПҰА" немесе пилотсыз "ауадан да жеңіл ұшу аппараттары":

1. Ұшуды автономдық басқару және навигацияның борттық құралдары (мысалы, инерциялық навигациялық жүйесі бар автопилот); немесе

2. Оператор үшін тура көріну шегінен тыс ұшуды басқару мүмкіндігі (мысалы, қашықтықтан телевизиялық басқару);

b. Өзара байланысты жүйелер, жабдық және құрамдауыштар, атап айтқанда:

1. 9A012 а тармағында көрсетілген "Пилотсыз ұшу аппараттарын" ("ПҰА") немесе пилотсыз "ауадан да жеңіл ұшу аппараттарын" қашықтықтан басқару үшін арнайы әзірленген жабдық;

2. 7-санатта айқындалғандардан басқа жүргізудің, бағдарлаудың, дәлдеудің немесе басқарудың 9A012 а тармағы бойынша бақыланатын ПҰА немесе "ауадан да жеңіл пилотсыз ұшу аппараттарын" интеграциялау үшін арнайы арналған өзге жүйелер;

3. 9A012 а тармағы бойынша бақыланатын (ПҰА) немесе ұшқышсыз "ауадан да жеңіл ұшу аппараттарында" басқарылатын ұшу аппаратын қайта құру үшін арнайы әзірленген жабдық пен құрамдауыштар;

4. 50,000 футтан (15240 метр) астам биіктікте "Пилотсыз ұшу аппараттары" (ПҰА) немесе пилотсыз "ауадан да жеңіл ұшу аппараттары" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған әуе-реактивтік роторлы немесе поршеньді іштен жану қозғалтқыштары.

Ескертпе: 9A012-тармағы бойынша ұшу аппараттарының модельдеріне немесе "ауадан да жеңіл ұшу аппараттарының" модельдеріне қолданылмайды.

9A012 8802 20 000

8802 30 000

8802 40 00

9306 90";

9A101-бөліктің "9A001 тармағы бойынша бақыланатындардан басқа, "ракеталарда" қолдану мүмкіндігі бар салмағы жеңілдетілген турбореактивті және турбожелдеткішті қозғағыштар, олар мынадай:" деген b тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"b. 9A012. тармағы бойынша бақыланатын, "реактивтік снарядтарда" немесе пилотсыз ұшу аппараттарында қолдануға арналған арнайы құрастырылған немесе модификацияланған қозғалтқыштар.";

мынадай мазмұндағы 9A102-бөлікпен толықтырылсын:

"9A102 9A012-тармақта айқындалған пилотсыз ұшатындар үшін арнайы әзірленген және олар үшін арнайы әзірленген, "ең жоғарғы қуаты" 10 кВт астам "Турбовинтті қозғалтқыштар":

Ескертпе: 9A102-тармағы бойынша азаматтық қолдану үшін сертификатталған қозғалтқыштар бақылауға жатпайды.

Техникалық ескертпелер.

1. 9A102-тармақтың мақсаттары үшін "турбовинтті қозғалтқыш" мынадай сипаттамалардың барлығын қамтиды:

a. Газтурбиналы қозғалтқыш; және

b. Энергияны әуе винтіне беруге арналған трансмиссия.

2. 9A102-тармақтың мақсаттары үшін "ең жоғарғы қуатқа" теңіз деңгейіндегі стандартты жағдайлар кезінде стендте қол жеткізіледі.";

9A105-бөліктің "Сұйық отынмен жұмыс істейтін ракета қозғағыштары, мыналар секілді:" деген а және b тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"а. 9A005-тармақта көрсетілгеннен басқа, 1.1 МНс-қа тең немесе одан астам жиынтық импульсі бар "реактивті снарядтарда" пайдаланылатын, сұйық отынмен жұмыс істейтін зымыран қозғалтқыштары;

б. 9A005 немесе 9A105.а тармақтарында айқындалғаннан басқа, 0. МНс-қа тең немесе одан астам жиынтық импульсі бар күрделі зымыран жүйелерінде немесе пилотсыз ұшу аппараттарында пайдаланылатын, ұзақтығы 300 км болатын сұйық отынмен жұмыс істейтін зымыран құрамдауыштар.";

9A106-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A106 9A006-тармағы бойынша бақыланатындардан ерекшеленетін, сұйық отынмен жұмыс істейтін зымыран қозғалтқыштарының жүйелері үшін арнайы әзірленген, мыналар сияқты жүйелер немесе құрамдауыштар:

а. 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыштық ұшу аппараттарында "реактивтік снарядтарда" немесе 9A104-тармағы бойынша бақыланатын зымыран-зондтарда пайдаланылатын абляциялық төсемдер немесе тарту және жанып кету камераларына арналған қаптама;

б. 9A004-тармақ бойынша бақыланатын "реактивті снарядтарда" ғарыштық ұшу аппараттарында немесе 9A104-тармағы бойынша бақыланатын зымыран-зондтарда пайдаланылатын зымыран шүмектері;

с. "Реактивті снарядтарда" пайдаланылатын тарту бағытын басқаратын кіші жүйелері.

Техникалық ескертпе:

9A106.с тармағына жататын тарту бағытын басқару әдістерінің мысалдары:

1. Иілмелі шүмек;

2. Қайталама сұйықтықтың немесе газдың инжекциясы;

3. Жылжымалы қозғалтқыш немесе шүмек;

4. Пайдаланылған газ (қалақтар немесе саптамалар) ағынының ауытқуы; немесе

5. Тартқыштың триммерлері.

d. Сұйық зымыран отынының және гидроқоспалардың (шламдардың) (қышқылдарды қоса алғанда) сапасын бақылау жүйелері және олар үшін арнайы әзірленген, 20 Гц-ден 2000 Гц-ге дейінгі диапазондағы 10 g-тен көп тербеліс жағдайларындағы жұмыстар үшін белгіленген немесе модификацияланған "реактивті снарядтарда" пайдаланылатын құрамдауыштар.

Ескертпе: 9A106.d тармағы мынадай сервоклапандар мен сорғыларды ғана бақылайды:

а. 100 мс-дан кем жетекті келтіретін позицияланған уақыты бар 7 МПа-ға тең және одан асатын абсолюттік қысым кезінде минутына 24 литр немесе одан асатын тасқынды жылдамдық үшін арналған сервомотордың қақпақтары;

б. Білік айналымының жылдамдығы минутына 8000 айналымнан асатын немесе босату қысымы 7 МПа тең немесе одан астам сұйық зымыран отынына арналған сорғылар.

9A106 а. 8412 90 200 0

8803 90 900 0

9306 90

9A106 б. 9306 90

8803 90 900 0

9A106 с. 8412 90 200 0

9A106 d, a 8481 10 990

9026 90 000 9

9032 81 000 9

9A106 d, b 8413 19 000 0

8413 30 200 9

8413 30 800 9";

9A108-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A108 9A008-тармақта көрсетілгеннен басқа, қатты отындағы зымыран қондырғыларының қозғалтқыштары үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар, олар мынадай:

а. 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыштық ұшу аппараттарында немесе 9A104 тармақ бойынша бақыланатын зымыран-зондтардағы "реактивті снарядтарда" пайдаланылатын зымыран қозғалтқыштарының корпусы және оларға арналған "оқшаулағыш" элементтері;

б. 9A004-тармағы бойынша бақыланатын "реактивті снарядтарда" ғарыштық ұшу аппараттарында немесе 9A104-тармақ бойынша бақыланатын зымыран-зондтарда пайдаланылатын зымыран шүмектері;

с. "Реактивті снарядтарда" пайдаланылатын тарту бағытын басқаратын кіші жүйелер.

Техникалық ескертпе:

9A106.с тармағына жататын тарту бағытын басқару әдістерінің мысалдары:

1. Иілмелі шүмек;

2. Қайталама сұйықтың немесе газдың инъекциясы;

3. Жылжымалы қозғалтқыш немесе шүмек;

4. Пайдаланылған газ ауытқуы (қалақтар немесе саптамалар) ағынының ауытқуы; немесе

5. Тартқыштың триммерлері.

9A108 a, b, c. 8412 90 200 0

8803 90 900 0

9306 90

8412 90 200 0";

9A109-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A109 Гибридті зымыран қозғалтқыштары және олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар, атап айтқанда:

а. Жиынтық импульсі 0,841 МНс және одан астам, 9A009-тармақта айқындалғандардан басқа, сондай-ақ олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар, қашықтығы 30 км болатын аяқталған зымыран жүйелерінде немесе пилотсыз ұшу аппараттарында пайдаланылатын гибридтік зымыран қозғалтқышы;

б. 9A009-тармақта көрсетілген, "реактивті снарядтарда" пайдаланылатын гибридті зымырандар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар.

Ерекше ескертпе: Сондай-ақ 9A009 және 9A119 қараңыз.

9A109 8412 10 000

8412 90 200 0";

9A110-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A110 9A010-тармағында айқындалғаннан басқа, "реактивті снарядтарда" немесе оларға арналған 9A005, 9A007, 9A105.а, 9A106 с., 9A107, 9A108, 9A116 немесе 9A119-тармақтар бойынша бақыланатын кіші жүйелерде пайдалану үшін арналған белгіленген композиттік құрылымдар, қатпарлы құрылымның материалдары және олардан жасалған бұйымдар.

Ерекше ескертпе: сондай-ақ 1A002 қараңыз.

Техникалық ескертпе:

9A110-тармақта "реактивті снаряд" 300 км қашықтықтан асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді".

9A110 2804 50 100 0

2818 20 000 0

3801

3926 90 970 5

6815 99 000

6903 10 000 0

8108 90 600 (азаматтық авиацияда
пайдаланылатындардан басқа)

8102 95 000 0

8108 90 300

8108 90 600 (азаматтық авиацияда
пайдаланылатындардан басқа)

7019 39 000";

9A111-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A111 9A012-тармақ бойынша бақыланатын "реактивті снарядтарда" немесе пилотсыз басқарылатын ұшу аппараттарында пайдаланылатын импульсті турбореактивті қозғалтқыштар және олар үшін арнайы әзірленген құрамдауыштар.

Ерекше ескертпе: сондай-ақ 9A011 және 9A118 қараңыз.

9A111 8412 10 000 9";

"Ұшыру үшін ілеспе жабдық, ол мынадай.": деген 9A115-бөліктің а, в тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"а. 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыш аппараттары, 9A012-тармағы бойынша бақыланатын пилотсыз ұшу аппараттары немесе 9A104-тармағы бойынша бақыланатын зымыран-зондтар үшін әзірленген және модификацияланған аппаратура немесе дайындауға, бақылауға, жандандыруға немесе ұшыруға арналған аспаптар;

в. 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыш аппараттары немесе 9A104-тармағы бойынша бақыланатын зымыран-зондтар үшін әзірленген және модификацияланған тасымалдау, дайындауға, бақылауға, жандандыруға немесе ұшыруға арналған құралдар";

9A116-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A116 "Реактивті снарядтарда" пайдаланылатын түсіру аппаратты, олар үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған жабдық, олар мынадай:

а. Түсіру аппараттары;

б. Жылу сақтайтын экрандар және олар үшін қыштан немесе абляциялық материалдардан жасалған құрамдауыштар;

с. Радиаторлар және олар үшін жылу сыйымдылығы жоғары жеңіл материалдардан жасалған құрамдауыштар;

д. Қайтарылатын аппараттарына арнайы арналған электрондық жабдық.

9A116 а. 8803 90 900 0

9306 90

9A116 б. 8803 90 900 0

9306 90

9A116 с. 8803 90 900 0

9306 90

9A116 d. 9014 20 800

9306 90

8541 10 000 9";

9A117-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A117 "Реактивті снарядтарда" пайдаланылатын баспалдақтарды біріктіруге, ажыратуға және өзара іс-қимыл жасауға арналған тетіктер.

9A117 8803 90 900 0

9306 90";

9A118-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A118 "Реактивті снарядтарда" немесе 9A012, 9A011 немесе 9A111-тармақтары бойынша бақыланатын пилотсыз ұшу аппараттарында пайдаланылатын қозғалтқыштардағы жану процесін реттейтін қондырғы".

9A118 8412 90 800 0";

9A119-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9A119 9A005, 9A007, 9A009, 9A105, 9A107 және 9A109-тармақтарында көрсетілгеннен басқа, арақашықтығы 300 км болатын толық зымыран жүйелерінде немесе пилотсыз ұшу аппараттарында пайдаланылатын зымыран сатылары.

9A119 8803 90

9306 90";

мынадай мазмұндағы 9A120-бөлікпен толықтырылсын:

"9A120 1C111-тармақта айқындалған зымыранның сұйық отыны немесе салмағы кемінде 500 кг жүкті кемінде 300 шақырым қашықтыққа жеткізуге қабілетті зымыран жүйелерінде "Зымыранның сұйық отынына" арналған бактар.

Ескертпе. 9A120-тармақта "зымыран отынының басқа сұйықтығы" Әскери мақсаттағы өнім тізімінде көрсетілген отынның өзге де түрлерінің қатарына қосылады.";

9B009-бөліктен кейін мынадай мазмұндағы 9B010-бөлікпен толықтырылсын:

"9B010 "ПҰА" және өзара байланысқан жүйелердің, 9A012-тармақта айқындалған жабдықтың және құрамдауыштардың өндірісі үшін арнайы әзірленген жабдық.";

9B105-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9B105 "Реактивті снарядтар" және олардың кіші жүйелері үшін қолданылатын ағын жылдамдығы 0,9 М және одан жоғары аэродинамикалық құбырлар.

Ерекше ескертпе: сондай-ақ 9B005 қараңыз.

Техникалық ескертпе.

9B105-тармақта "реактивті снаряд" қашықтығы 300 км астам зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

9B105 9031 20 000 0";

9B106-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9B106 Қоршаған ортаны модельдеу камералары және сурдокамералар, олар мыналар сияқты:

а. Ұшудың мынадай жағдайларын модельдеуге қабілетті қоршаған ортаны модельдеу камералары:

1. Мынадай сипаттамалардың кез келгені бар:

а. Биіктігі 15 км және одан астам; немесе

б. Температура диапазоны 223 К (-50°C) – ден 398 К (+125°C) – ге дейін

2. 5 кН немесе одан көп күш түсіретін 20 Гцден 2 Гц – ге дейінгі диапазонда " таза үстел режимінде" 10 g КҚС – ге тең немесе одан астам вибрациялық жағдайларды жасау үшін виброқабырғамен немесе басқа вибрациялық сынақ жабдығымен жарықтандыру үшін жарактандырылған немесе "әзірленген немесе модификацияланған".

б. Ұшудың мынадай жағдайларын модельдеуге қабілетті қоршаған ортаны модельдеу камералары:

1. Дыбыс қысымының жиынтық деңгейіне 140 децибел немесе одан асатын (20 ТПа-ға қатысты) немесе жалпы есептік акустикалық қуаты 4 кВт немесе одан жоғары акустикалық қорғау; және

2. Биіктікті 15 км және одан астам; немесе

3. Температура диапазоны – 223 К (-50°C) – дан 398 К (+125°C) – ге дейін.

Техникалық ескертпелер.

1. 9В106.а. 2) тармақшасында бір толқынмен вибрация талаптарын генерациялауға қабілетті жүйелер (мысалы, гармоникалық толқын) және кең жолақты кездейсоқ вибрацияны (мысалы, қуат спектрі) генерациялауға қабілетті жүйелер сипатталған.

2. 9В106.а. 2) тармақшасында "белгіленген немесе модификацияланған" қоршаған ортаны модельдеу камералары 2В116 – тармақта көрсетілгендей вибростендпен немесе өзге де вибрациялық жабдықпен жабдықтау үшін тиісті біріктіруші құралдармен (мысалы, арматурамен) жабдықталғанын білдіреді.

3. 9В106.а. 2-тармағына қатысты "таза үстел" жалпақ үстелді немесе бекіткіш немесе жігі жоқ үстіңгі қабатты білдіреді.

9В106 а. 9031 20 000 0

9В106 б. 9031 20 000 0";

9В115-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9В115 9А005 – 9А009, 9А011, 9А101, 9А102, 9А105 – 9А109, 9А111, 9А116 – 9А120-тармақтар бойынша бақыланатын жүйелер, кіші жүйелер және бөлшектер үшін арнайы жобаланған "өндірістік жабдық".

9В115 9031 20 000 0";

9В116-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9В116 9А004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыш аппараттары үшін немесе 9А005 – 9А009, 9А011, 9А101, 9А104 – 9А109, 9А111, немесе 9А116 –

9A120-тармақтары бойынша бақыланатын жүйелер, кіші жүйелер және құрамдауыштар үшін немесе "реактивті снарядтар" үшін арнайы жобаланған "өндірістік қуаттар".

Техникалық ескертпе:

9B116-тармақта "реактивті снаряд" қашықтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.

9B116 8805 10";

"Қатты отынды немесе сұйық отын пайдаланатын ракета қозғағыштарына арналған сынау станоктары мен стендтері, мынадай сипаттамалардың біреуін иеленеді:" деген 9B117 бөліктің а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а. 68 кН-нан жоғары тарту күші бар сынауға қабілетті қозғалтқыштар; немесе".;

мынадай мазмұндағы 9C108-бөлікпен толықтырылсын:

"9C108 "Реактивті снарядтар" үшін қолданылатын зымыран қозғалтқыштарының корпусы үшін немесе "реактивті снарядтар" үшін арнайы әзірленген 9A008-тармақта сипатталғаннан басқа "ішкі кескін" және "оқшаулау" материалдары.

Техникалық ескертпе.

9C108-тармақта "реактивті снаряд" қашықтығы 300 км астам зымыран жүйелерін және пилотсыз ұшу аппараттарын білдіреді.";

"Басқа "бағдарламалық қамтамасыз ету", олар мынадай:" деген 9D004 бөлік мынадай мазмұндағы e, f, g абзацтарымен толықтырылсын:

"e. 9A012-тармақта айқындалған "пилотсыз ұшу аппараттарын" және өзара байланысқан жүйелерді, жабдықты және құрамдауыштарды пайдалану үшін арнайы әзірленген "бағдарламалық қамтамасыз ету";

f. Қалақтардағы, қанаттардағы немесе газ турбина қозғалтқышының "бандажындағы" ішкі салқындату арналарын әзірлеу үшін арнайы белгіленген "бағдарламалық қамтамасыз ету";

g. Мынадай барлық сипаттамалары бар "бағдарламалық қамтамасыз ету":

1. Авиациялық газ турбина қозғалтқыштарындағы аэротермиялық, аэромеханикалық сипаттамаларын және жану шарттарын болжау үшін арнайы әзірленген; және

2. Шынайы газ турбина қозғалтқыштарының (эксперименттік немесе сериялық) пайдалану сипаттамалары бойынша теориялық, модельдік, тестіленген негізде аэротермиялық, газ динамикалық сипаттамаларды және жану шарттарын болжау мүмкіндігі бар.";

9D101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9D101 9B105, 9B106, 9B116 немесе 9B117-тармақтары бойынша бақыланатын тауарларды "пайдалану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету.";

9D104-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9D104 9A001, 9A005, 9A006.d., 9A006.g., 9A007.a, 9A008.d., 9A009.a, 9A010.d., 9A011, 9A101, 9A102, 9A105, 9A106.c., 9A106.d., 9A107, 9A108.C., 9A109, 9A111, 9A115.a, 9A116.d., 9A117 немесе 9A118-тармақтары бойынша бақыланатын тауарларды "қолдану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету.";

9D105-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9D105 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыш аппараттарында немесе 9A104-тармақ бойынша бақыланатын зымыран-зондтарда "пайдалану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған бір кіші жүйеден астам функцияларды үйлестіруге арналған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

9D 8523";

"Басқа "технологиялар", мыналар секілді:" деген 9E003-бөлік мынадай мазмұндағы h және i абзацтарымен толықтырылсын:

"h. Газтурбиналық қозғалтқыштардың "FADEC жүйелеріне" арналған "технология", атап айтқанда:

1. Қозғалтқыштың тартысын немесе біліктегі қуатты реттеу үшін "FADEC жүйелері" үшін қажетті құрамдауыштарға функционалдық талаптарды белгілеу үшін "әзірлеу" "технологиясы" (мысалы, уақытша константалар және кері байланысы бар бергіштің дәлдігі, отын арнасының қалпын түзету жылдамдығы);

2. "FADEC жүйелерінде" ғана қолданылатын және қозғалтқыштың тартысын немесе біліктегі қуатты реттеу үшін пайдаланылатын бақылау және диагностикалау құрамдауыштарын "әзірлеу" немесе "өндіру" "технологиялары";

3. "FADEC жүйелерінде" ғана қолданылатын және қозғалтқыштың тартысын немесе біліктегі қуатты реттеу үшін пайдаланылатын "бастапқы кодты" қоса алғанда, басқару алгоритмдерін "әзірлеу" "технологиялары";

Ескертпе: 9E003.h тармағы авиажелілерді көпшілік пайдалану үшін жариялануы тиіс азаматтық авиация саласындағы сертификаттау органдарының талаптарына сәйкес ұшаққа қозғалтқышты орнатуға жататын техникалық мәліметтерге (мысалы, орнату жөніндегі нұсқаулық, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, ұшу жарамдылығын қолдау жөніндегі нұсқаулық) немесе интерфейс функцияларына (мысалы, кіріс/шығыс деректерді өңдеу, қорапқа немесе білік қуатына түсетін осьтік жүктемеге қойылатын талаптар, планердің тартуының немесе біліктегі қуаттың тапсырмасы) қолданылмайды.

i. Газ генераторлық турбиналардың, желдеткіштер турбиналарының, тарту турбиналарының немесе реактивтік шүмектердің қозғалтқыштарының

жұмысының тұрақтылығын қолдау үшін арналған ағындардың реттелетін бағыттары бар жүйелерге арналған "технологиялар", атап айтқанда:

1. Қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуіне жауапты құрамдауыштарға функционалдық талаптар қоюды "әзірлеу" "технологиялары";

2. Қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуіне жауапты және ағындардың реттелетін бағыттары бар жүйелерде ғана пайдаланылатын қозғалтқыштарды "әзірлеу" немесе "өндіру" "технологиялары";

3. Қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуіне жауапты және ағындардың реттелетін бағыттары бар жүйелерде ғана пайдаланылатын "бастапқы кодты" қоса алғанда, басқару алгоритмдерін "әзірлеу" "технологиялары".

Ескертпе: 9E003i-тармағы мына атаулардың кез келгенін:

a. Кіріс бағыттауыш аппараттың қалақтарын;

b. Өзгермелі адымы бар желдеткіштерді немесе бұрама желдеткіштерді;

c. Компрессордың реттелетін кіріс бағыттауыш аппаратының қалақтарын;

d. Компрессордың қайта қосу клапандарын; немесе

e. Кері тарту үшін ағынның реттелетін бағыты бар арналар геометриясын "әзірлеу" немесе "өндіру" "технологияларына" қолданылмайды";

9E101-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9E101

a. 9A101, 9A104 – тен 9A111-ге дейінгі немесе 9A115 – тен 9A119 – ға дейінгі тармақтар бойынша бақыланатын тауарларды "әзірлеуге" немесе "өндіруге" арналған жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "технологиялар".

b. 9A012-тармақ бойынша бақыланатын "ПҰА" немесе 9A101, 9A102, 9A104 – 9A111 немесе 9A115 – 9A119-тармақтар бойынша бақыланатын тауарларды "өндіру" үшін қажетті жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "технологиялар".

Техникалық ескертпе:

9E101.b тармағында "ПҰА" – қашықтығы 300 км астам пилотсыз ұшу аппараттары. ";

9E102-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9E102 9A004-тармағы бойынша бақыланатын ғарыш аппараттарын немесе 9A005 – 9A011-тармақтар бойынша бақыланатын тауарларды, 9A012-тармағы бойынша бақыланатын "ПҰА" немесе 9A101, 9A102, 9A104 – 9A111, 9A115 – 9A119, 9B105, 9B106, 9B115, 9B116, 9B117, 9D101 немесе 9D103-тармақтары бойынша бақыланатын тауарларды "қолдану" үшін қажетті жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "технологиялар".

Техникалық ескертпе.

9E102-тармақта "ПҰА" – қашықтығы 300 км астам пилотсыз ұшу аппараттары. ";

"Әскери қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар" деген бөлімде:

"жалпы химиялық ескерту" деген кіші бөлімде:

ML1-тармағы мынадай мазмұндағы (с) тармақшасымен толықтырылсын:

"(с) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қолданатын әскери атыс қарулары;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК